


№7 «Балдырыган» санаториялық
бебекшай – балабакшысы КММ-і
меншерүнде 
Э Нұрмаганбетова

**Вариативтік компонент
«Ертегі әлемі»**

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Түсінік хат

Театр - бұл сиқырлы өмір, онда бала куана біледі, ойнайды, ойнай отырып коршаган ортанды таниды. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуын, ой-өрісін, ақыл-парасатын, адамгершілігін, эстетикалық сезімдерін жетілдіруін қамтамасыз етеді.

Болашак жеткіншектеріміздің көзі ашық көкірегі ояу, тілге шешен, өзін де езгені де сыйлай білетін, жан-жақты мәдениетті, білікті етіп тәрбиелеуде балаларға арналған көркем шығармаларды сақналық қойылымға айналдырып, өздерін кейіпкер ретінде қатынастырып отырудың маңызы орасан зор.

Әрбір ата-ана, тәрбиеші, қыска ертегі-әнгімелерді, өлеңдерді рөлдерге беліп сахна көрінісін жасап балабақшада қойылым жасауға да мән бергені жөн. Багдарламаның мазмұны:

«Сиқырлы театр» багдарламасы мектепке дейінгі жастагы балаларға арналып, ойын әдістері арқылы бала тілін дамытып, іс-кимыл әрекеттерін жетілдіріп, теориялық және практикалық жағы ескеріліп отырып күрылған. Балалардың өзара қарым-қатынасын табуга, достыкка, камкорлыққа тәрбиелеуге, фантазиялық ойлау кабілеттерін, өнерге қызыгуышылығын, ертегі кейіпкерлерінің кимылын салуға, нақышын келтіріп сөйлеуін, театр ойындарына белсенді араласып ойнауын дамытуға бағытталған. Барлық белімдер бір-бірімен тығыз байланысты, бірте-бірте күрделеніп сахналай білу машиқтарын дамытуға арналған.

Багдарламаның мақсаты:

Балалардың көркем-өнер шеберліктерін жан-жақты дамыту, әртістік қабілеттерін қалыптастыру. Баланың жанына жакын тақырыптар мен таныс ертегі кейіпкерлері бейнесін сомдайтын ертегілер көрсетуге қатынастыру. Ертегі кейіпкерлерін салыстыра отырып айнала қарым-қатынас туралы пікірлерін білдіруге, ойын ашық жеткізіге үйрету. Үлкендер мен басқа балалармен жақындашу ниетін қолдау. Құрдастарына ешқандай киянат жасамай, бір-біріне көмек бере білуге тәрбиелеу.

Багдарламаның тапсырмаларын орындауда балалардың сезідік қоры молайып, көркем-өнер әрекетімен әртістік өнері қалыптасады. Театрлық ойындар балаларды бір-бірімен жақындастырады, жалпы әртістік дамуына эсер етеді. Балаларға қуыршақтарды өз колдарымен жасап олардың қызыгуышылтытарын арттырып, театр деген ғажайып әлемімен таныстырады. Рөлдерді орындауда икемді болуга баулу, ойынды ортак мүддеге сай дамыта білу және өзінін жеке тілекtestігін көрсету. Сахналанған және мерекелік-шеру, атрибуттарды колдануга үйретуге, ойындарды ұйымдастыруға ықпалы зор.

Багдарламаның міндеті:

- балаларды театр өнерінің қызықты сәттерімен таныстыру;

- өзара еркін сойлеу дагдысын қалыптастыру;
- көніл-күй сезімімен, ұжымдық катынасқа тәрбиелеу;
- ұйымдастырылған оку іс-әрекетімен театр көріністерін ұштастыру.

Күтілетін нәтиже:

Бала бойында мейірімділік, адамгершілік, қайырылымдық басқа да игі касиеттер қалыптасады. Ертеңі, әңгімелер, өлеңдер тыңдал, кейіпкерлерге мінездеме беруді үйренеді. Бірлесіп ойнау арқылы жолдастық карым-катынас орнайды. Бала бойында өзіне деген сенім орнап, онерге деген он көзкарас қалыптасады.

«Сиқырлы театр» бағдарламасы II кіші, ортанғы және ересектер топтарына арналған, 36 сағатқа есептелініп құрастырылды. Ұйымдастырылған оку іс-әрекеті әр топта аптасына бір рет өткізіледі, ұзактығы II кіші топта 15-20 минут, ортанғы топта 20-25 минут және ересектер топтарыда 25-30 минут. Бағдарламаның жалпы мазмұны әр топқа арналған тақырыптық жұмыс жоспары мен колданылған әдебиеттер тізімінен турады.

Вариативтік компонент
«Ертегі алемі»
«Күншуак» ортанғы тобы

№	Такырыбы	Бағдарламаның мазмұны	Сағат саны
1	Театр бұрышымен таныстыру.	Театр-туралы балаларға алғашқы түсінік беру және театр турлерімен таныстыру. Театр күышшактары туралы балалардың түсініктерін тереңдешту.	1 <i>6.09</i>
2	«Бауырсақ» ертегісін түсіндіру.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттерімен таныстыру. Суретті көрсете отырып, ертегінің мазмұнын айту. Балалардың ынтасына қарай рольдерге боліп ойнату.	1 <i>12.09</i>
3	«Бауырсақ» ертегісін сахналаштыру.	Кейіпкерлердің дауыс ыргагын келтіре отырып, образға еніп диалог түрінде сөйлеу дағдысын үйрету.	1 <i>10.09</i>
4	«Екі этеш» ертегісі	Ертегімен таныстырып, сурет арқылы мазмұнын айтып беру.	1 <i>14.09</i>
5	Ойыншық театры «Екі этеш»	Ертегі кейіпкерлерінің дауыс ыргагын, көніл күйін, іс-кимылын ойыншық арқылы көрсете білу.	1 <i>4.10</i>
6	«Мақтаншақ алма» ертегісі	Ертегінің мәтінімен таныстырып, мазмұның айтып беру.	1 <i>11.10</i>
7	Фланелеграф театры «Мақтаншақ алма»	Балаларға фланелеграфты көрсету. Ертегі мазмұның аята отырып, суреттерді сатылап орналастыруға үйрету.	1 <i>18.10</i>
8	«Тұлқі мен торғай» ертегісі	Ертегінің мазмұнының сурет арқылы айтып беру..	1 <i>1.11</i>
9	Үстел үсті сурет театры «Тұлқі мен торғай»	Мәтін бойынша қымыл қозғалыс арқылы кейіпкерлердің көніл-күйлерін көрсете білуге, үстел үсті сурет театрының техникасын үйрету.	1 <i>8.11</i>
10	«Үш аю» ертегісі	Ертегімен таныстырып, сурет арқылы мазмұнын айтып беру.	1 <i>15.11</i>
11	Саусақ театры «Үш аю»	Саусақ театрының техникасымен таныстыру, мүсіндерді мәтінге сәйкес бүзбай қозғалта білу.	1 <i>22.11</i>
12	«Шұбар тауық» ертегісі	Ертегімен таныстырып, мазмұның іс-кимыл арқылы аята білуге үйрету.	1 <i>29.11</i>
13	«Үр токпак» ертегісі. Коленке театры	Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкердің роліне ене білуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің жағымсды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге баулу. Ертегінің ойнау арқылы балалардың есте сактау, ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту	1 <i>6.12</i>
14	«Үйшік» ертегісі	Ертегінің оқып беріп, мазмұнын түсіндіру.	1 <i>12.12</i>
15	«Үйшік» ертегі-онын	Кейіпкерлердің дауыс ыргагын келтіре отырып, образға еніп, диалог түрінде сөйлеуге үйрету.	1 <i>20.12</i>
16	«Мысық пен тышқан» ертегісі	Сурет арқылы ертегінің мазмұнын айтып беру.	1 <i>21.12</i>
17	Фланелеграф	Кейіпкерлердің образына еніп, театр өнерінің әдіс-	1 <i>10.01</i>

	театры «Мысық пен тышкан»	тәсілдерін үйрету.	
18	«Маша мен аю» ертегесі	Ертегінің мәтінін оқып беріп, мазмұның айтуға дагдыландыру.	1 17.01
19	Куыршақ театры «Маша мен аю»	Куыршактарды басқару қабілеттерін көрсете, куыршақты ширмада жүргізу әдісін үйрету.	1 24.01
20	«Тұлкі мен каскыр» ертегесі	Балаларды ертегінің мәтінімен таныстыру, мазмұнын айтып беруге үйрету.	1 31.01
21	Үстел үсті сурет театры «Тұлкі мен каскыр»	Мәтін бойынша қимыл қозғалыс арқылы кейіпкерлердің көңіл-күйлерін көрсете білуге, үстел үстінде куыршақты жүргізе білу техникасын үйрету.	1 7.02
22	«Мысық, әтеш және тұлкі» ертегесі	Ертегіні дауыс ыргагын келтіре отырып балаларга мазмұндап беру.	1 14.02
23	Саусақ театры «Мысық, әтеш және тұлкі»	Кейіпкерлердің дауыс ыргагын келтіре отырып, саусақ қимылды арқылы театрды көрсете білуге үйрету.	1 21.02
24	«Колгап» ертегесі	Ертегіні дауыс ыргагын келтіре отырып балаларга мазмұндап беру. Балаларды жоспарлы түрде рөлдерге беліну бойынша әрекет жасауда үйрету.	1 28.02
25	«Колгап» ертегесін сахналанау	Рөлдерге белініп кейіпкерлердің образына еніп, диалогты сейлеуте дагдыландыру.	1 6.03
26	«Санырауқұлак астында» ертегесі	Ертегіні дауыс ыргагын келтіре отырып балаларга мазмұндап беру. Диалог түрінде сейлеу дагдысын қалыптастыру.	1 13.03
27	Фланелеграф театры «Санырауқұлак астында»	Балаларға фланелеграф театры арқылы ертегіні өз бетінше көрсете білуге үйрету.	1 20.03
28	«Мактаншақ қоян» ертегесі	Балаларға ертегі мазмұнын түсіндіру. Ертегідегі оқиға желісімен бұзбай эмоциялық сезіммен қабылдауда дагдыландыру.	1 27.03
29	Ойыншық театры «Мактаншақ қоян»	Ертегі кейіпкерлерінің дауыс ыргагын, көңіл күйін, іс-қимылын сөздік образын ойыншық арқылы көрсете білу.	1 3.04
30	«Мысық неге тамак ішкен соң жуынады» ертегесі	Ертегіні қызығушылықпен аяғына дейін тындауда үйрету. Балалардың назарын ертегі кейіпкерлеріне аудару.	1 10.04
31	Куыршақ театры «Мысық неге тамак ішкен соң жуынады»	Куыршақты жүргізу жеке жұмыстар ұйымдастыруды мәтін мем қимылдардың сәйкестігін келтіру.	1 17.04
32	«Мактақыз бен мысық» ертегесі	Ертегіні дауыс ыргагын келтіре отырып балаларға мазмұндап беру, зейін қойып тындалап, рөлдерге беліп айтқызу.	1 24.04

33	«Маңтакыз бен мысың» ертегісін сахналау	Кейіпкердің іс-әрекетін сезініп, қымыл-қозгалыс арқылы бейнелеп ойнай білуге үйрету.	1 8.05
34	В. Сутеевтің "Бір қап алма" ертегісі Понтомимо театры	Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көніл-күймен, кисынды мазмұндауды үйретуді жалғастыру. Балаларды театралды-ойын әрекетіне тұрақты қызығушылын, басқа балалар алдында қойылым көрсету ынтасын тәрбиелеу. Бала ыммен мәтінде суреттелген түрлі эмоциялы күйлерді бейнелей білуге үйрету.	1 15.05
35	«Күйіршың» ертегісі	Ертегіні мұкият тыңдалап, сурет арқылы мазмұның айтуға дағдыландыру.	1 22.05
36	Ертегілер әлемінде (корытынды)	Балалардың жыл бойы алған білімдерін бекіту.	1
Барлығы:			36